

Студенты КазНУ – чемпионы Азиады

В алматинском аэропорту тренеры, студенты и преподаватели КазНУ с большой теплотой и ликованием встретили победителей XVII Азиатских игр в Инчхоне (Южная Корея) Елдоса Сметова, Марию Урдабаеву и Дмитрия Баландина. Болельщики, поздравив своих героев с высокой победой, смогли пообщаться с ними и получить автографы.



Главным триумфатором стал Дмитрий Баландин – студент факультета биологии и биотехнологии, который завоевал три золотые медали в плавании на дистанциях 50, 100 и 200 метров брассом. Он является мастером спорта, серебряным призером чемпионата Азии, победителем Всероссийских соревнований и юношеских первенств РК.

«Эта победа далась тяжело, проделали огромную работу. Я рад, что это все было не напрасно. Выиграть три «золота» – это потрясающее чувство, мне тяжело передать его словами. Хочу поблагодарить всех, кто меня поддерживал, своих родителей, друзей и, конечно же, своего тренера. Всех, кто внес непосредственный вклад в мою подготовку», – поделился своими впечатлениями Дмитрий.

Студент КазНУ Елдос Сметов занял первое место в соревнованиях по дзюдо. Он принес Казахстану «золото», победив в весовой категории до 60 килограммов чемпиона мира Ганбата Болдбаатора из Монголии. Елдос также получил серебряную медаль в командном первенстве среди мужских команд. Е. Сметов является мастером спорта международного класса, чемпионом мира 2011 г. На его счету немало побед в чемпионатах международного масштаба.

Студентка юридического факультета Мария Урдабаева завоевала бронзовую медаль по дзюдо в весовой категории до 70 кг. Она мастер спорта и на протяжении нескольких лет неоднократно становилась чемпионом Азии и международных соревнований.

Продолжение на 8 стр.

Журналистика факультеті Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстан Журналистика Академиясының Президенті, тарих ғылымдарының докторы, профессор С. Қ. Қозыбаевтың 70 жылдығына арналған «Бұқаралық коммуникацияның отандық жүйесі: үндеулер, үрдістер, мүмкіндіктер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ – 70 ЖАСТА

Алқалы жиынға университет басшылығы, ел азаматтары, республикалық БАҚ басшылары, студенттер мен ҚазҰУ түлектері, профессор С. Қозыбаевтың шәкірттері арнайы келіп құттықтап, қатысты. Алғы сөзінде ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қуаныш Сұлтанов: «Бүгін сіздердің орталарыңызға Сәкенді арнайы құттықтап келіп отырмын.



Университетіміздің журналистика факультетінің Қазақстан бойынша мәртебесі, беделі керемет. Ең талантты жастар осы факультетке келіп түседі. Сағымбай Қабашұлының журналистикаға қосқан үлесі орасан зор.

Жалғасы 4-бетте

Американская мечта сбывается в КазНУ

Студенты из США для обучения выбрали КазНУ им. аль-Фараби. В течение полутора лет студенты нескольких американских университетов США, участвующих в программе «Флагман», сдавали экзамены и тесты, писали эссе, проходили интервью – все для того, чтобы продолжить дальнейшее обучение в Казахстане. И вот, 26 финалистов приехали в Алматы и приступили к обучению в ведущем вузе страны.

Тот факт, что молодые американцы предпочли европейским вузам казахстанский университет, несомненно, свидетельствует о росте популярности страны и системы высшего образования. Благодаря постоянно повышающемуся уровню квалификации специалистов, внедрению передовых технологий, международному признанию и успешной аккредитации образовательных программ, активной академической мобильности университеты Казахстана становятся все более привлекательными для иностранных граждан.

Продолжение на 3 стр.

БҮГІНГІ САНДА:

ПАРТНЕРСТВО
В ДЕЙСТВИИ



2-бет

БҮГІНГІ САНДА:

БИОЭНЕРГЕТИКА –
КЕЛЕШЕК КЕМЕЛІ



3-бет

БҮГІНГІ САНДА:

ЖЕЗ ҚОҢЫРАУ



7-бет

ПАРТНЕРСТВО В ДЕЙСТВИИ



В КазНУ состоялась встреча с ректором Ланчжоуского университета Ван Чжэном и директором института ресурсов и окружающей среды Чжаном Тингхун (КНР).

Представители китайского вуза начали свой визит с посещения музея КазНУ им. аль-Фараби, где ознакомились с историей становления и современного развития университета.

Во время встречи с зарубежными партнерами первый проректор КазНУ М. Буркитбаев рассказал о научно-образовательной и инновационной деятельности университета, транс-

формации вуза в исследовательский университет, успехах и достижениях за последние годы.

Своими мнениями и предложениями поделились проректор по учебной работе Д. Ахмед-Заки, деканы факультетов востоковедения, географии и природопользования, международных отношений, директора институтов Конфуция и Института послевузовского образования. В частности, они подробно обсудили вопросы академической мобильности, реализации двухдипломного образования и совместных проектов.

Также на встрече были затронуты вопросы культурного обмена. Так ректор Ланчжоуского университета Ван Чжэн поддержал предложение об исследовании трудов Аль-Фараби, переводе их на китайский язык и распространении среди научно-образовательного сообщества Китая. Выразил надежду, что такая работа будет проведена и в КазНУ по переводу наследия Конфуция на русский и казахский языки. «Совместная работа над переводами произведений Аль-Фараби и Конфуция позволит ученым глубже познать философию двух великих мыслителей, будет способствовать сближению и межкультурному обогащению дружественных стран», — подчеркнул он.

«Казахстан и Китай являются стратегическими партнерами. Развитие добрососедских отношений наших стран всегда считались одним из важных направлений внешней политики и

характеризуются высокой активностью в политической, экономической, культурной, научно-образовательной сферах. Поэтому КазНУ им. аль-Фараби заинтересован в расширении сотрудничества с университетами Китая, как в рамках международных научных программ, так и на межвузовском уровне. На сегодняшний день между КазНУ и вузами КНР подписано порядка 20 соглашений о сотрудничестве», — отметил в своем выступлении первый проректор Мухамбеткали Буркитбаев.

В завершение встречи состоялось подписание соглашения в рамках Университета Шанхайской Организации Сотрудничества (УШОС), который является международным проектом, нацеленным на усиление академического сотрудничества и академической мобильности, создание единого образовательного пространства вузов-участников консорциумов и содействие межкультурному диалогу.

В ходе визита гости из Поднебесной посетили факультет востоковедения, кафедру китайеведения, музей Востока и институт Конфуция КазНУ, где встретились с преподавателями и студентами. На концерте, посвященного 65-летию образования КНР и 10-летию со дня образования Институтов Конфуция ректор Ланчжоуского университета пожелал коллективу КазНУ успехов, поблагодарил за теплый прием и великолепное выступление студентов.

Соб. корр.

РЕКТОРАТ

Оқу жылы басталғалы университет басшылығы әрбір жиынды сапалы білім беру ісіне арнап келеді. Кез келген бағытта ҚазҰУ үздік әрі жетекші университет болуды өзіне мақсат етіп, өсу жолында ұжымдық жұмыстың белсенді болуына көңіл бөліп келеді.

Басты міндет – сапалы білім беру

29 қыркүйектегі ректорат мәжілісінде білім беру үдерісін оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету туралы Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Асқар Хикметовтің хабарламасы тыңдалды. Оқу ісіндегі басты мәселелер кітап, оқулықпен қамтамасыз ету, әсіресе, ағылшын тіліндегі әдебиеттердің жеткілікті болуын қадағалау жағына баса назар аударылды. А. Хикметов бакалавриатта оқытылып жүрген әдебиеттер мен магистратура және докторантурада оқытылатын әдебиеттер мазмұнына сараптама жасалғанын, оқулықтар қорын жаңарту керектігін алға тартты. Магистратурадағы әдебиеттерді барынша жаңартып, заманға сай қолжетімді әрі ыңғайлы, студенттердің білім алуына оңтайлы ету жолдарын қарастыруды ұсынды. Осы тұста ректорат мәжілісінің мүшелері тарапынан сұрақтар қойылып, тақырып талқыланды. «Әл-Фараби» кітапханасының директоры Қалима Түйенбаева сөз алып, кітапхана сайты жаңадан жасалып жатқандығы, алдағы уақытта барлық жаңа дүниелер сайтта бірінші беріліп, «Қазақ университеті» газетінде де жаңадан

шыққан кітаптар туралы ақпарат беру туралы ұсынысын жеткізді.

Күн тәртібінде қаралған келесі тақырып – 2015-2017 жылдарға арналған ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру және байқауы, университет ғалымдарының жобалық ұсыныстары. Бұл жайында Ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департамент директоры Алтынай Тоғамбаеваның баяндамасы қаралды. Барлығы 557 жоба ұсынылды. Оның ішінде ғылыми-жаратылыстану бағыты бойынша – 374, ал әлеуметтік-гуманитарлық бағытта – 183. Қаржыландырудың жалпы көлемі – 30 841,14 млн. теңгені құрайды. Сонымен қатар, Алтынай Кәкібайқызының баяндамасында ҚР БҒМ 2014 жылдың 9 қыркүйегіндегі бұйрығы негізінде 2015-2017 ж.ж. бағдарламалы-мақсатты ғылыми-зерттеулерді қаржыландыру байқауы туралы айтылды. Тапсырыс осы жылдың 16 қазанына дейін қабылданады. Ондағы басым бағыттар мен керек құжаттар, талаптар, жұмысты өткізу тәртібі мен талаптары толық түсіндірілді.

Еңлік АҚЖІПТ

ЯДРОЛЫҚ ӘЛЕМГЕ ҚАРСЫ ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫ

26 қыркүйекте халықаралық қатынастар факультетінде Қазақстан Республикасындағы БҰҰ ақпараттық департаменті өкілеттігінің, Алматы қаласындағы ҚР СІМ өкілеттігінің және Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі (АӨЫСШ) Кеңес Хатшылығы бөлімінің қолдауымен «Полигон -29-тамыз» атты Халықаралық қайырымдылық қоғам қорымен бірге Халықаралық ядролық қаруды толықтай жою күніне және Семей полигонының жабылуы туралы ҚР Президенті Қаулысының 23 жылдығына арналған халықаралық дөңгелек үстел өтті. Шараға АҚШ, Ресей, Қытай, Венгрия, Оңтүстік Корея дипломатиялық миссиясы, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ), ҚДП «Ақ жол», бұқаралық ақпарат, академиялық қауымдастық өкілдері мен Семей ядролық полигонының қатысушылары атсалысты.



Факультет деканы Кәрімжан Шәкіров құттықтау сөзінде осы шараға қолдау білдіргендерге алғысын жеткізді. БҰҰ ақпараттық департаментінің өкілі Властимил Самек ядролық қарудан бас тартудың бүкіл әлемдік қауымдастық үшін маңыздылығын атап өтті. Дөңгелек үстел қатысушылары «Полигон-29-тамыз» қоғамының төрағасы – Нұрлан Бозтаев, ҚР-дағы Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі (АӨЫСШ) консул – Альнур Жұманбеков, ҚР-дағы атомдық энергия комитетінің төрағасы – Александр Ким, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (КСЗИ) бас қызметкері – Даурен Әбен, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті – Жан Кошербаев, халықаралық құқық кафедрасының доценті –

Жайсанбек Аманжоловтардың баяндамаларын үлкен ыждаһаттылықпен тыңдады. Олар ядролық қаруға қарсы күрестің өрлеуін, осы саладағы әлем елдерінің ынтымақтастығын, қазіргі күннің өзекті мәселелерін және жаппай қырып жою қаруына тыйым салу қажеттігін талқылады.

Сондай-ақ дөңгелек үстел аясында «Полигон-29-тамыз» Қорының атынан Жаһандық тұрақтылық тұжырымдамасының бағдарламасы ұсынылды.

Шара соңында БҰҰ еріктілер орталығының студенттері Қазақстан жастарының ядросыз әлемдегі орындары туралы интерактивті презентациясын ұсынып, барлық қонақтарға қағаздан жасалған ядролық қаруға қарсы ак тырналарды сыйға тартты.

Лейла ДЕЛОВАРОВА

БИОЭНЕРГЕТИКА – келешек кемелі

Бүгінгі әлем жаңа технологияларды кең көлемде, өте жылдам игеруде. Елімізде индустриялық-инновациялық дамытудың және Астанада «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу жоспарының аясында жаңаша сипат алған «Жасыл экономиканы» игерудегі алғашқы қадамдар жасалды. Елбасы Қазақстан Республикасының Үкіметіне «жасыл» экономикаға көшу стратегиясын дайындауды тапсырды.

Энергия — бұл адамзат тіршілігінің дамуына жағдай жасаушы және ынталандырушы бірден-бір табиғи қайнар көз. Қазақстанның ЕХРО-2017 халықаралық көрмесіндегі жеңісі еліміздің әйгілі шараны өткізудегі алғашқы қадамы ғана. Президентіміз «Болашақтың энергиясын» түйсініп, барды қазірден кәдеге жаратуға бүкіл ел бір кісідей атсалысуы керектігін, биоэнергетика тағы баска жел және күн сәулесін пайдалану энергияның балама көздерін іздеу жобалары бойынша ірі база жасақтау ХХІ ғасырдың маңызды бағыты екенін атап өтті.

Биоэнергетика — биологиялық объектілер және олармен түзілетін үрдістерді қолдану негізінде энергия өндіру (биогаз алу, биомасса өндіру, биодизель, сутегі биосинтезі және т.б.). Ол сарқылмайтын қуат көзіне жатады.

Биогаз дегеніміз органикалық қалдықтардың немесе басқа да тұрмыстық органикалық қалдықтардың ыдырау процестерінде пайда болатын газдардың қосындылары. Өнеркәсіптік биогаз алу әдістері ХІХ ғасырдың аяғынан белгілі. Дүниежүзінде қазіргі кезде биогаз алу үшін 8 млн. қондырғы жұмыс істейді.

Биоэтанол — бензинге қарағанда қуаты жағынан біршама аз; Е85 қозғалатын автокөліктердің жүруі отынның көлем бірлігіне шаққанда 75 %-ды құрайды. Кәдімгі автокөліктер Е85-пен жүрмейді, олардың ішкі тұтанатын қозғалтқыштары Е10-мен жақсы жұмыс жасайды. Бразилия отын ретінде қант құрағынан биоэтанол өндіру мен қолдануда көшбасшы болып табылады.

Биомұнай — биомассаны пиролиздеу

нәтижесінде алынатын ароматты және полярлы емес органикалық қосылыстар қоспасы. Массачусетс ғалымдары органикалық қосылыстардан «биомұнай» алған. Өндірістің бағасы мұнайөндіру құнымен бірдей.

Биодизель — өсімдіктер немесе жануарлар майы негізінде этерификациялау нәтижесінде алынатын биоотын. Еуропада — рапс; АҚШ-та — соя; Канадада — канола (рапс); Индонезия, Филиппинде — пальма майы; Филиппинде — кокос майы; Индияда — ятрофа (Jatropha); Бразилияда кастор майы қолданылады. Соңғы жылдары әлемдік әйгілі ғылыми-зерттеу лабораторияларында микробалдырларды биоэнергетикаға пайдалану мүмкіншілігі мол екені анықталып отыр. Микробалдырлардан биодизель, биосутегі, биогаз, сингаз, биоэтанол сияқты бірнеше сарқылмайтын отын түрлерін алу жолдары зерттелу үстінде.

Ғалымдардың мәліметтері бойынша микробалдырлардан алынатын майдың мөлшері өсімдіктердікімен салыстырғанда 10-100 есе көп, ал оларды өсіретін аудан каноламен салыстырғанда 5-100 есеге азаяды. Бұл мәліметтер Жаңа Зеландияда өсірілген микробалдырларға тәжірибе жасау кезінде алынған.

Бүгінгі таңда биоэнергетиканы өркендетуде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары да қол қусырып отырған жоқ. «Биология және биотехнология проблемалары ғылыми-зерттеу институтында биожанармай алуға бағытталған жобалар 2008 жылдан бері белсенді іске асу үстінде. Қазір институтта биожанармай алуға бағытталған



екі үлкен ғылыми жоба бойынша ғалымдарымыз зерттеу жүргізуде. Атап айтсақ, профессор А.К. Бисенбаевтың жетекшілігімен «Целлюлозалы шикізаттан биоотын алу мақсатында целлюлоза гендерін тиімді экспрессиялай алатын микроорганизмдердің рекомбинатты штамдарын алу» ғылыми жобасы аясында зерттеу жұмыстарын өте белсенді жүргізу нәтижесінде биоэтанол өндіру қарқынын жылдамдататын *Saccharomyces cerevisiae* трансгенді өндірістік штамдары алынды. Мұндай өндірістік ашытқы штамдары биоэтанол өндіруге өзіндік үлесін қосады. Осы институттың биотехнология лабораториясында профессор Б.К. Заяданның жетекшілігімен «Май продуценттеуші-белсенді микробалдыр штамдарының негізінде сұйық биодизельді жанармай алу технологиясын өңдеу» жобасымен зерттеу қарқынды жүргізілуде. Бүгінде аталмыш лабораторияда сұйық биодизель отынын алу мақсатында жоғарғы мөлшерде май синтездейтін микробалдырлар штамдарын алуға бағытталған селекция жұмыстары жүзеге асырылып келеді.

Селекция және мутагенез тәсілдерін

пайдаланып, 28-35%-ға дейін липид синтездейтін микробалдыр *Chlorella pyrenoidosa* C-2m мутант штаммы алынып, оны жалпылай өсіруге оптимизация жасау, биодизельді жанармай алу технологиясы зерттелуде.

Аталған ғылыми жобалар Ресей Федерациясының Екатеринбург қаласында екі ел басшыларының қатысуымен өткен халықаралық көрмеде көптеген ғалымдар мен кәсіпкерлердің көңілін тартқан жобалардың бірі болды. Келешек мақсатымыз — Астанада болатын ЕХРО-2017 халықаралық көрмесіне Қазақстандық жаңа технология негізінде өндірілген биоэтанол мен биодизельден сый тарту.

Міне, ХХІ ғасырда әлем ғалымдарының өзекті мәселерінің бірі болған — биоэнергетиканың танымал бағыттары иновациялық технологияны пайдаланып, биоэтанол мен биодизель алуға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарының белсене кірісіп кетуі аса қуантарлық жағдай.

Б.К. ЗАЯДАН,
биотехнология кафедрасының
менгерушісі, б.ғ.д., профессор

■ ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Продолжение. Начало на 1 стр.

Американская мечта сбывается в КазНУ

«Преподаватели КазНУ будут работать с американскими студентами по новой программе комплексного обучения русскому языку на основе компетентностного, культурологического и мотивационного подходов. Они проявляют большой интерес и к изучению казахского языка, литературы и культуры. Помимо общих групповых занятий, в большом объеме предусмотрены индивидуальные», — говорит профессор кафедры иностранной филологии и общего языкознания Элеонора Сулейменова.

Помимо лингвистической подготовки, студенты будут осваивать дисциплины по своим специальностям и пройдут производственную практику. Их также ожидает насыщенная внеаудиторная жизнь: участие в студенческой



самостоятельности, спортивных секциях и соревнованиях, запланированы экскурсии

в музеи и театры, посещение исторических и культурных мест. Кроме того, в

каникулярное время они поедут в Астану и Туркестан.

Обучение стало возможным, благодаря подписанию в августе текущего года двустороннего соглашения между КазНУ им. аль-Фараби и Американским Советом по международному образованию (ACCELS, США, Вашингтон), которое значительно расширяет перспективные направления партнерского сотрудничества: академический обмен студентами, научно-исследовательские практики и стажировки, совместные проекты, публикация результатов в лучших научных журналах и многое другое.

Елена ДУДИНОВА,
преподаватель факультета
журналистики

САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ – 70 жасқа

Ел болашағын ойлаған азаматтар осындай болады», – деді.

Конференцияда бұқаралық коммуникацияның отандық және әлемдік жүйесін зерттеудің жаһандық және ұлттық әдістері, журналистиканың болашағына қатысты профессор С. Қозыбаевтың ғылыми-зерттеулері мен публицистік шеберлігі сияқты тақырыптар талқыланды.

«Бүгінгі мерейтойдың жастарға берері көп, мерейтой иесіне бүгінгі айтылар барлық мақтау сөз лайық. Жастар, болашақ буын өкілдері осындай жиынға қатыса отырып, үлгі алады. Ой түйеді. Шығармашылық тұлға болу, биік жетістікке жету оның бәрі аянбай еңбектенудің арқасында келеді. Сағымбай Қабашұлының бүгінгі мерейтойы оның еңбек жолының, ізденгіштігінің көрінісі, дәлелі», – деді өз сөзінде ҚазҰУ-дың бірінші проректоры М. Бүркітбаев.

Осы орайда «Невада-Семей» халықаралық ядролық қозғалысына 25 жыл толуына орай, Сағымбай Қабашұлын төсбелгімен марапатталып, М. Барманқұлов атындағы телестудия дайындаған фильм көрсетілді.

Профессор Сағымбай Қабашұлы



Қозыбаев – Қазақстан ғылыми журналистикасының және оның білімінің негізін қалаушылардың бірі, белгілі қаламгер, ғалым және еліміздің журналистика саласындағы бірнеше ұрпақтың ұстазы. Ол Б. Бұлқышев атындағы сыйлықтың иегері, алты мәрте Қазақстан Журналистер Одағы

сыйлығының лауреаты, Халықаралық Журналистер Федерациясының құрмет дипломының иегері, сондай-ақ ҚР Саяси ғылымдар академиясының академигі (1997) және ұйымдастырушылардың бірі. Оның бастауымен Қазақстан журналистер Академиясы құрылып, өзі алғашқы президенті болған (2001).

Академия тағайындаған «Алтын Жұлдыз» және «Алтын Самұрқ» сыйлықтары журналистиканың жоғары дәрежелі мемлекеттік сыйлықтары болып табылады.

Қалың елі Қазақстандық саясат энциклопедиясының авторы, «Отандық журналистика тарихынан» – «Из истории отечественной журналистики» атты республикалық ғылыми-зерттеу журналының негізін салушы және бас редакторы, «Справочник журналиста Казахстана» жобасының бас редакторы және авторы ретінде, ТМД-да докторлық диссертациясын журналистика саласында бірінші қорғаған ғалым деп біледі. «Слово, ковавшее победу», «Радио в дни войны», «Четвертый фронт», «Аудитория – весь Казахстан», «Ядовитые стрелы», «Оборотни», «Очерки истории журналистики Казахстана», «Зеркало жизни», «Время – газетной строкой», «Моя Ленсмена», «Доброе имя народу», «Лики времени» және т.б. жарық көрген кітаптарының арторы ретінде таниды.

Еңлік АҚЖІГІТ

■ ТІЛДЕР АПТАЛЫҒЫ

ӨНЕР АЛДЫ – ҚЫЗЫЛ ТІЛ

22 қыркүйек күні студенттерге қызмет көрсету «Керемет» орталығында биология және биотехнология факультетінің биофизика және биомедицина кафедрасы және факультетіміздің «Сұңқар» студенттер кәсіптік бюросының ұйымдастыруымен Тілдер апталығына орай «Өнер алды- қызыл тіл» атты поэзиялық кеш университет деңгейінде өткізілді. Кешімізді биология және биотехнология факультетінің профессор С.Т. Төлеуханов биомедицина кафедрасының меңгерушісі ашты. Ол: «Мемлекеттік тіл – көп ұлтты елдің барлық халқын саяси-мәдени бірлікке ұйымдастырудың басты құралы», – деп түйіндеді. Сондай-ақ 1-курс студенттері Қанағат Ерғали «Туған тілім» атты монолог оқып, Айжан Әзірбаева домбырамын күмбірлете күй шертсе, Мадина Ұлықбекова кобызбен күнірентіп күй төкті.

Г.К. АТАНБАЕВА, И.Б. УРШЕЕВА,
биофизика және биомедицина кафедрасының оқытушылары

«...ӨЗ ТІЛІНДІ ҚҰРМЕТТЕ!»

Қыркүйек айының 22 жұлдызы күні университетіміздегі тілдер апталығына орай «География, жерге орналастыру және кадастр» кафедрасының «Ғылыми география» мамандығы 4 курс студенттерінің бастуымен «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» атты тіл мерекесі аясында акция ұйымдастырылды. Іс-шара мақсаты қазіргі таңдағы жастарды ана тілін құрметтеуге және мәртебесін асыруға, қолданыс аясын кеңейтуге шақыру.

Аталған шараның нақты шарттары болды, мысалы студенттер ұсынған қазақтың мақал-мәтелдерін жалғастыру, қазақ тіліне байланысты қызықты сұрақ-жауаптар, т.б. Шартты толықтай орындаған қатысушыларға арнайы сыйлықтар және ұлттық тағамдар ұсынылды. Іс-шарамызға студенттермен бірге, факультетіміздің оқытушы-профессорлар құрамының мүшелері де өз бақтарын сынап көрді. Атап айтсақ, профессор С.А. Құсайынов, доцент Г.Ш. Оразымбетова, доцент Ә.Т. Мылқайдаров, аға оқытушы А.М. Рыскельдиева т.б.

Ө.Ж. САҒЫМБАЙ,
«География» мамандығы оқу тобының эдвайзері, доцент

«АНА ТІЛДІҢ МЕРЕЙІ»

Тілдер мерекесі аясында аударма ісі және әдіснамасы кафедрасындағы «Көкжиек» ғылыми-шығармашылық клубы «Ана тілдің мерейі» атты мерекелік әдеби-сазды кеш өткізді. Кеш мазмұнды да қызықты өтті:

Жеңімпаз студенттерді профессор Әнуар Тарақов арнайы алғыс хат, сыйлықтармен марапаттап, әдебиет әлеміне қадам басқан жас өрендерге ізгі ниетін білдірді. «Поэзия минуты» айдары бойынша 1 курс студенттері өздерінің балауса жыр жолдарын оқып, ана тіліне деген құрметін көрсетті. Кеш соңында құлақ құрышын қандырап әуезді ән шырқалып, Б. Мырзақұлов, Т. Башар, Н. Тұрғанбек, М. Акан, С. Нысанбек сынды жас акындар өз өлеңдерін оқып, қазақ тілінің құндылығы жайлы тұжырымды пікірлерімен ой бөлісті. «Көкжиек» клубының жетекшісі, доцент Ләйла Мұсалы «ана тілдің мерейін арттыра беріңіздер» деген тілекпен кешті қорытындылады.

А. КЕНЖЕҚОЖАЕВА, А. ОРАЗХАН;
филология факультетінің
3-курс студенттері

ТІЛ-ҰЛТТЫҢ СҮЙЕНЕТІН ТАМЫРЫ, СЫЙЫНАТЫН ТӘңІРІ

Жана оқу жылындағы алғашқы мерекелердің бірі – Тілдер күні. Мерекеге орай физика-техникалық факультетінің физика мамандығының кураторлары мен студенттері кеш өткізді. Кеш Жанар мен Ақмарал сынды аруларымыздың орындауындағы «Сәлем саған, туған ел» атты әсем әнмен бастау алды. Тілге шешен, сөзге шебер Кәрімжан мен Айгерім сынды жүргізушілерден бастап, кешке қатысушылардың бәрі «ана тілім» деп отырған патриот жастар қауымы. Бұл кешке келген әрбір азамат көңілге бір ой түйері анық еді. Себебі, кеште Мұрат Арайлымның монологымен басталған, қазіргі қоғамда болып жатқан елеулі мәселе, қазақ тілінің жай-күйіне арналған қойылым орын алды. Қойылым шұбарланған қазақ тілі мәселесі бойынша болды.

М. ИМАНҚҰЛ,
физика-техникалық факультетінің
3-курс студенті

ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

«Тілдер» фестивалі аясында гидрология мамандығының 3-курс студенттері арасында «Тіл тағдыры – ел тағдыры» атты дөңгелек үстел өтті. Бұл дөңгелек үстел барысында БАҚ-тағы қазақ тілінің орны, қазақ жастарының қазақ тіліне деген көзқарасы, Қазақстандағы «Үш тұғырлы тіл» мәселесі атты тақырыптар қозғалып, қызу пікірталас орын алды. Пікірталас барысында жастар арасында тілге құрметпен қарау, қай тілде болса да «бөтен сөзбен былғамай», таза сөйлеуге ұмтылу керек деген қарар қабылданды. Әрбір адам өзінің тілін мақтанаш тұтып, оны болашақ ұрпаққа жеткізуді өзіне міндеттеуі керек деп ойлаймын.

А.Н. АҚЖАРҚЫНОВА,
география және табиғатты пайдалану факультетінің
3-курс студенті

«СҮЙЕМІН ТУҒАН ТІЛДІ - АНАМ ТІЛІН»

Философия және саясаттану факультетінде "Дінтану" және "Мәдениеттану" мамандығының 1 курс студенттері және эдвайзерлерінің ұйымдастыруымен тіл мерекесіне арналған "Сүйемін туған тілді – ана тілім" атты шығармашылық кеш өтті.

Әр ұлттың туған тіліне деген сүйіспеншілігінің зор болуы маңызды фактор. Осы орайда университет қабырғасына енді ғана үйренісе бастаған 1 курс студенттерінің тіл мерекесіне арнаған концерттік бағдарламалары көпшіліктің көңілінен шықты.

Мерекелік шараны профессор Ж. Молдабеков ашып, өзінің игі лебізін білдірді. Сондай-ақ Дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі А. Құрманалиева мен аға эдвайзер К. Бияздықова да сөз сөйлеп, қазақ тілінің мән-маңызына, "Мәңгілік ел" болу жолында басты орынға ие екеніне тоқталды. Бұдан кейінгі кезекте студенттер Тіл мерекесіне арналған жүрекжарды құттықтауларын бастап кетті.

Жастар арасында туған тілінің насихатын арттыратын осындай шараларды жүргізу өте маңызды. "Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады" деген мемлекет қайраткері А. Байтұрсынұлы. Сол себепті туған тілімізді әспеттей білейік.

Е. ӘСКЕНҰЛЫ,
дінтану және мәдениеттану
кафедрасының 4 курс студенті

ҚазҰУ студенттері Елдос Сметов және Дмитрий Баландин – Азиада чемпионы, ал Мәриям Ордабаева күміс жүлдегер атанды

Арықбай АҒЫБАЕВ,

заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Жоғары мектеп ҰҒА академигі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

“Мақсатқа жету үшін аянбай адал еңбек ету, тер төгу қажет”

Қазіргі жастардың арманы жоқ. Себебі, олар жақсы заманда өмір сүріп жатыр. Егемен ел болдық. Қазақтың тілі жүріп жатыр. Дәстүрлер, әдет-ғұрыптар жандануда. Осы тәуелсіздік жылдар аралығында еліміздің туы көкке көтеріліп, мемлекетіміздің мәртебесі сан рет асқақтап, Елбасымыздың ерен ерлігі мен ел ертеңі үшін атқарған жұмыстары айқын да анық көрінді. Елде еркін даму үдерісі жолға қойылып, азаматтардың құқықтары тиісті деңгейде қорғалуда. Мұның өзі мемлекетіміздің қамқорлығы мен іргелі істердің бастау көзі екені сөзсіз. Кез келген ел секілді біздің де құқықтарымыз бен жауапкершіліктеріміз тең дәрежеде даму үстінде.

Қазіргі жастар Конституция бойынша тегін орта білім алады. Кейін жақсы оқыса, мемлекеттік грантка түседі. Шетелге барып оқимын, жер жүзін аралаймын десе де жолы ашық, ешкім оған шектеу қоймайды. Әрі олар мемлекеттің

қамқорлығында болады. Мемлекет өзінің азаматын қорғайды.

Қажетті мамандарды шетелден білім алуға жіберу мақсатында жыл сайын мемлекет бағдарламалар жасап жатыр. Қазіргі уақытта елімізде «Болашақ» бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Соның негізінде көптеген жастар шетелде білім алып, сол жақта жұмыс жасап, не болмаса жанұя құрып, қалып қалғандары да бар. Ал, оларға ешкім қысым көрсетпейді.

Конституция адамдарға көп мүмкіндік жасаған. Жастарға, жалпы адамзаттың дамуына құқықтар өте көп. Қазір еңбек ету еркіндік болып отыр. Еркіндік деген — құқық. Яғни, Конституция еңбек еткендерге көп жағдай жасайды, ал еңбек етпегендерді жазалайды.

Назарбаев университеті ашылды, оғанда шетелден ғылыми-техникалық мамандар келіп, білім беріп жатыр, яғни, бүгінгі студенттерге барлық жағдай жасалған.

Соның арқасында қазіргі таңдағы жастар, шүкір, барлық техника-технологияның тілін біледі. Біз жас кезімізде компьютерді, жазу машинкалары, теледидар, радио станцияларының түрлерін көргеніміз жоқ, ал қазір барлығы бар. Жер жүзінің әр түкпірінде жүріп, интернет желісі арқылы бір-бірін көріп, сөйлесе де болады. Бұл енді бақыт қой. Соны түсіне білу керек.

Бүгінде мемлекет тек жастарға қолдау көрсетуге баса назар аударған. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың өзі жастарға «тек білім алындар!» деп айтады. Себебі, Қазақстанның келешегі — білімді жастарда. Сондықтан, қазіргі жастарға айтарым, білім алу керек, бос уақытын жібермеуі тиіс, алдына белгілі бір мақсат қоюы керек. Ал мақсатқа жету үшін аянбай адал еңбек ету, тер төгу қажет. Жігерлі болып, мақсатқа жетпей тынбаймын деген берік байлам болуы шарт. Біреуге сеніп жеңіске, табысқа жетем деу — бекершілік. Бұл жөнінде ұлы Абай:



«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап,
Өзіне сен, өзінді алып шығар,
Ақылың мен еңбегің екі жақтап», — деген ғой. Бұдан «Еңбек бәрін де жеңбек» деген қорытынды туады. Кез келген жетістік өзінен-өзі келмейді және оны ешкім сыйға бермейді. Ол өз қабілетін, еңбегін, тер төгуін арқылы ғана келеді.

Жазып алған Айзада Жолдасова

■ ОТБАСЫЛЫҚ САЙЫС ӘСЕРІМЕН



Досжан Балабекұлының фотосы

Қазақтар әкесін асқар тауға, анасын мөлдір бұлаққа, қызын биікте өсетін шынарға, ұлын бәйтерекке, келінін иілген аққайыңға балаған. Олай болса, әкеден асқақ биікке ұшуды үйренеміз, ананың ақ сүтімен бойымызға адалдықты, пәктікті, мейірімділікті сіңіреміз. Қыз баланың орны биікте болса, ол шынарға кез келгеннің қолы жете бермейді.

Егемендігімізге қол жеткізіп, етек-жеңімізді жиған кезде біздің алдыңғы буын ағалар мен ақ жаулықты аналарымыздың, ата-ананың, мектеп және жоғары оқу орындарындағы ұстаздардың атқарар рөлі өте үлкен.

Қай ата-ана өз перзентінің жаман болғанын тілейді? Әрине, олай болу мүмкін емес. Алайда қазіргі жастарға сын-ескертпе айтқан тұста «жетпіс жыл бодандықта болдық, орысша тәрбиелендік, тағы да батыстың әсері бар» деп ақталуды жөн санаймыз.

Әкемнің: «Мен 70 жасқа келгенше адамдардың өзіне бак-дәулет, абырой,

байлық, мансап сұрағанын көрдім. Бірақ ешбір кісінің өзіне ақыл-сана бер дегенін естімеппін. Себебі, әрбір кісі өзін басқадан ақылды санайды», — деп айтқаны бар. Ендеше, құрметті жастар, саналы да ақылды азамат болуға ұмтылайық! Мүмкіндігінше өмірден тек жақсылықты бойға сіңірген абзал.

«Отан отбасынан басталады», «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демей ме атам қазақ?! Демек, отбасында бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қараған жөн.

Мені кейде қынжылтатыны — қыз бала тәрбиесі. Қазір қыздарымыздың бір бөлігі, өкінішке орай, арзан күлкіге әуес. Көше айқайлап сөйлеп, қаттырақ күліп, өзіне көңіл аудартатын арулар бар. «Қызға қырық үйден тыю, қала берсе, қара күннен тыю» деген сөзді апаларымыз ғибрат қып айтып кеткен. Себебі, қыздың жолы жіңішке. Қыз балаға әсемдік, сыпайылық, нәзіктік жарасады. Бүгін ол — өз үйінде ерке болса, ертең иіліп келін болып, бір отбасын тербететін ана.

АРЫҢ ТАЗА БОЛСЫН, АЗАМАТ!

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Үлгілі отбасы» сайысына қатысқан жанұяларды марапаттау кезінде «Біздің қазақ халқы ешуақытта жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған. Баласын тастап кететін «көкек» аналар болмаған», — деді.

Өмірден алынған бір мысал. Менің әкем от ауызды, туралықты ту етіп, тіке сөйлейтін кісі болған. Осындай кісімен анам 63 жыл бойы өмірдің қызығы мен қайғысын бөлісе отырып, он перзент тәрбиелеп өсірді. Әкем қаншалықты адуынды кісі болса, анам соншалықты сабырлы болатын. Бұл кісілер бірін-бірі толықтырып отыратын. Ата-анамыз екі ұл мен сегіз қызға адал өмір сүруді үйретті десем, артық кетпеспін. Бөтеннің ала жібін аттамауды, қолыңнан келсе, кісіге жақсылық жасау керектігін, қолыңнан келмесе, босқа үміттендірместен, турасын айтуды құлағымызға құйды. Анамның 7 сыныптық білімі болды. Үш перзентті болғанда, әкем Мәскеудегі Тимирязев академиясын бітіріп, дипломын алған екен. Барлық ұл-қызы оқып білім алды. Әкем айтатын: «Менің дипломымнан бастап, барлық алған білім-марапаттарым — мамаларыңдікі», — деп. Анамыздың арқасында әрқайсымыз өмірден өз орнымызды таптық, арымызға кір келтірмеуге тырыстық, сол жолмен енді өз перзенттерімізді тәрбиелеп келеміз.

Мені шәкірттерім өте қатал ұстаз деп есептейді екен. Иә, мен студенттерге

каталмын. Олардан басты талап ететінім — тек білім. Адам өмір бойы оқуы, үйренуі, дамып-жетілуі керек. Ал университет қабырғасында төрт-бес жыл өз уақытын бостан-босқа өткізуді барып тұрған ақымақтық деп санаймын. Білім жастарға ауадай қажет, бүкіл ғұмырға жететін азық.

Ата-ана қартайғанда, олар да бала болады. Олардың көңілін аулап, жағдайын жасау — әр перзенттің борышы. Қалай ғана көзі қиып, ақ сүт берген ана мен қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген әкені қарттар үйіне апарып тастауға батылы барады?! Қай дін болсын, қай халық болсын, барлығында «әке-шешеге істегенің алдыңнан шығады» деген сөз бар. Сондай-ақ тастанды баланың көз жасы ешуақытта жібермейді, ешбір қыздың көсегесін көгертпейді.

«Малым — жанымның садақасы, жаным — арымның садағасы», — дейді халық. Арынды жастайыңнан сақта дегім келеді қазіргі жастарға. Арың таза болса, болашағың жарқын, бақытың — алдында.

К.Т. НАЗАРБЕКОВА,
информатика кафедрасының доценті



ЕЛДІКТІ ТУҒЫП ӨТКЕН ЕРЕН ЖЫРАУ (1695-1788)

Жортуылды заманның жорық жыршысы болғандардың барлығы бірдей хан сарайының төңірегінде болып, халқы мен еліне айтар көкейтесті сөздерін ел басшысының жанында отырып жырлай бермеген. Сондай жыршының бірі – Ақтамберді жырау. Жыраудың әкесі Сары дейтін орташа күйі бар момын адам болған. Шешесі Сарыбике дейтін кісі. Жырау ата мен анadan калғыз. Бірақ, тұмысынан өжет болып жаратылған жан тез есейеді, сол кездегі ел қорғаған айбынды азаматтардың қатарынан өзінің лайықты орнын табады.

Ақтамберді жырау, бір жағынан жастай жақындарынан көрген қорлығы бар, екінші жағынан, көшпенді елдің кеудесінде намысы мол азаматын қазандай қайнаған қанды қасапты тірлігінде ер болып еңірегендердің сапында болуын талап ететін тәртібімен халқы сыйлайтын көрнекті перзентіне айналуы жастай армандап өседі:

—Күлдір-күлдір кісінетіп
Күренді мінер ме екенбіз?!
Күдеріден бау тағып,
Ақ кіреуке киер ме екенбіз?!
Жағасы алтын, жеңі жез,
Шығыршығы торғай көз
Сауыт киер ме екенбіз?!
...Жалаулы найза жанға алып,
Жау қашыра ма екенбіз?!
...Майданда дабыл қақтырып,
Ерлердің жолын аштырып,
Атасы басқа қалмақты
Жұртынан шауып бостырып,
Түйедегі наршасын,
Әлпештеген ханшасын
Ат артына мінгізіп,
Тегін бір олжа қылар ма екенбіз?!
Бұл — атақты азаматтың «жасым жетіп он беске, кірер ме екем кенеске», — деп өзі айтқандай, әлі он бес жасқа жетпей тұрған кезіндегі арман еткен тілек-мүддесі. Жырау сол арманына кейін жетеді. Жауды да қашырады. Атасы басқа қалмақтарды да бостырған, «әлпештеген ханшасын, ат артына мінгізіп», ежелгі жауларынан кек алған сәттерді де көзімен көреді, өзі сол жорықтардың белгілі қаһарманына айналады. Дәулетті де болады, әулетті де болады. «Шығыршығы торғай көз, сауыт

киер ме екембіз?!» — деп, арман еткен тілегі де орындалады.

Ақын Найман жұртын Қабанбаймен қатар, демек, қазақ елінің арын арлап, жоғын жоқтаған, ауызды биі, арынды батыр ақыны болып өтті. Бұл ретте елесінде қалған Қабанбай батыр мен Бөгенбай батырдың руластары адам өлімі, жесір дауына байланысты Абылай хан алдында төрелесуге келгенде, Ақтамбердінің қарсыласы Үмбетей жырауға қаратып, сол жақтың бас батыры Бөгенбай атын атап толғаған жыры соның бір мысалына жататын дерек көзі болып табылады.

Ақтамберді — ежелгі жыраулар үлгісін ұстанған ойлы адам. Оның ересек тартқан кезде шығарған туындысы деп, мөлшерлеуге боларлық:

— Қап түбінде жата ма,
Болаттың асыл сынығы?!
Халқы тозып кем болмас,
Әділ болса ұлығы...
Еділ, Жайық екі өзен,
Талсыз болар деймісін?
Бота көзді бойжеткен
Жарсыз болар деймісін?..
Абылай қонған кен қоныс
Елсіз болар деймісін?
Тұлпар туған құлыншақ
Ерсіз болар деймісін?
Тебінгі тепкі тиген соң,
Терсіз болар деймісін? — деп термелетіп келетін жырларының үзінділері, «Балаларыма өсиет» деп аталатын туындысындағы:
—Балаларыма өсиет,
Болманыздар кепиет,
Бірлігіңнен айырылма,

Бірлікте бар қасиет.
Өнер алды — бірлік,
Қылған жаксы тірлік.
Талапты ерге нұр жауар
Еңбегің қалмас далада,
Талпынбай көңіл жана ма?
Мұрастықты ойландар,
Татулық болар береке,
Қылмасын елің келеке.
Араз болсаң алты ауыз,
Еліне кірген өреке...
Токсанға жас келген соң

Өлім жақын көрінеді..., — дейтін жолдар ғана емес, жыраудың он беске жетпей тұрып айтқан, жоғарыдағы жырында «даусы бар азандай, желіні бар қазандай, жаралы құдай ыңырантып, жарылған мұздай күңіреніп, боталаған боз інгенді... Алғидың құба жонынан жайылған қойы сыймаған, көк алалы көп жылқылы болып» — дейтін лебізінің өзі-ақ оның жастайынан мұлы, еліне сыйлы болуға лайықты жан екендігіне кепілдік береді.

Жыраудың Дулат Бабатайұлының «Еспембет» дастанында карт адам бейнесінде сипатталып, Біржан мен Сараның айтысында оның Сараның аузымен өз елінің мақтан тұтар атақты ақыны, аруақты батыры ретінде баяндалатыны, Құрбанғали Халидовтың 1910 жылы Қазан қаласынан шыққан «Тауарих хамсасында» ол жайлы қысқаша мәлімет берілуі, оның өмірден өткеніне қанша жыл болса да есімінің елімен бірге ғұмыр кешіп келе жатқандығына кепілдік береді.

Ақтамберді жырау «Балаларыма өсиет» деп басталатын туындысында «Токсанға жас келген соң, өлім жақын көрінді» деп жырлайды. Жыраудың осы сөзіне сүйенген профессор Ханғали Сүйіншәлиев оны 1662-1752 жылдар аралығында өмір сүрген деп есептеген (Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. — Алматы, 1997. — 322 б). Ал, Ақтамбердінің мұрасын жинақтап, зерттеуде ерекше үлесі бар халық жазушысы, ғалым Мұхтар Мағауин жырау ұрпақтарының берген деректеріне сүйеніп, алғашқыда жыраудың өмір сүрген уақыты 1675-1768 жылдар деген



тұжырымға келген. Сол уақытты негізгі меже етіп ұстанған профессор Ө. Күмісбаев оның Ақтамберді туралы зерттеуі мен «Қазақстан» энциклопедиясына Ө. Хасеновпен бірігіп жазған макаласында осы цифрларды көрсеткен. Біз кейінгі уақыттағы М. Мағауиннің Ақтамберді туралы зерттеуіндегі: «...соңғы кезде мағлұм болған нақты тарихи деректер Ақтамберді жыраудың туған, өлген жылдары әуелгі, ауызекі әңгіме арқылы белгіленген межеден жиырма жыл кейін — 1695-1788 деп шамалауға мүмкіндік береді», — деген қорытындысын қай жағынан да қисынды деп есептеп, жырау туралы еңбегімізге осы уақытты (1695-1788) қабылдағанды орынды деп тапты.

Жұмат ТІЛЕПОВ
ф.ғ.д., профессор

Елдік жырын жырлаған тұлға



Өмірде жакын-жуыктан теперішті көп көріп өскен жыраудың азаматтық биік болмысы ерекшелігімен ел назарын айрықша аударды. Оған Ақтамберді жыраудың төмендегі сөздерінің өзі куәлік ететіні мәлім. Кейін атак-данқы шарықтап, «мұрты өрге шаншылып, жақсылар кеңес құрғанда» алдымен сөйлер дәрежеге жеткен ол бір кездегі өзінің басынан өткендегі жайды еске ала отырып айтқан:

Әкем көрген зорлықты,
Жас күнінде қорлықты,

Жауласарға жау емес,
Дауласарға дау емес,
Жақынға қылмақ зорлықты, — деп келетін толғанысынан оның өзіне-өзі берген сертін көреміз. Бұл жағынан келгенде, ол — кекшілдік жанына жат, өн бойы мейірімге толы, естияр елдің маңдайына бітер кеңпейілді, кемел ойлы азаматы.

Жырау қазақ халқының көшпенді заманындағы елдің ырысы мал деп білген дәуірінде өмір кеше отырып, сол елдің айшылық алыс жерлерге жеткізетін

жылқы малын, соның ішінде ер қанаты болған тұлпарларды:

От басар орны отаудай,
Қабырғасы халық орнаған жонсаудай,
Ор қояндай қабақты,
Қиған қамыс құлақты,
Сары мысықтай азулы,
Саптыаяқтай ерінді,
Қидасын көрі жілікті,
Омырауы есіктей,
Ойынды еті бесіктей
Табаны жалпақ тарланды, — деп ерекше беріле жырлайды.

Сондай-ақ, оның «Алғидың құба жонына» сыймайтын қойлары мен «даусы бар азандай, желіні бар қазандай», «жаралы құдай ыңыранған, жарылған мұздай күңіренген... боталаған боз інген» арқылы түйе малын суреттеулері де, сол замандағы жыраулық дәстүрдің талап-денгейі тұрғысынан қарағанда хас шеберге тән суреткерліктің белгісі деп қабылдануға лайықты.

Жырау аламан тасырлы жаугершілік заманда өмір сүре отырып, талай қиыншылықтарды бастан кешкенін де жасырмайды. Түрікмен ағайындардың қолына тұтқынға түскен шағында:

Бізді әкетті Марыға,
Марыдан да арыға,
Барсаң сәлем айта бар

Ғарып болған ата-анам
Сырбике мен Сарыға, — деп толғанады.

Бағы жанып, қайраты тасып, жауының қамалын бұзған уағында да ол, кейбір батырлық жырлардың кейіпкерлері секілді күпсінбейді. Өзінің өлімге бас байлап, жорықта жүрген сәтін ел-жұртты қорғау үшін жасаған әрекеті ретінде:

Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айғайлап,
Дұшпаннан көрген қорлықтан
Жалынды жүрек қан қайнап,
Елді-жұртты қорғайлап,
Өлімге жүрміз бас байлап, — деп түсіндіреді. Бірақ, жолдастарына өлімнен қорқып, ел үшін қорғалақтап қалмауды қатты ескертеді. Сондықтан бейбіт кездегі «Балпаң, балпаң» басатын, «батырмын деп» жүретін азаматтарға:
Жалтара шапсаң жау қашпас,
Жауды аяған бет таппас,
Уа, жігіттер, жандарын,
Жаудан аяй көрмеңіз,
Ғазірейіл тура келмей жан алмас! — дейді.

Осының барлығы Ақтамберді сынды батыр жыраудың азаматтық келбеті айқын халқымыздың әдебиетінде өзіне лайықты орны бар шығармашылық елеулі тұлға екенін көрсетеді.

Гүлшат ЕСІРКЕПОВА

Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА

26 америкалық студент білім алу үшін ҚазҰУ-ды таңдады



Жәе ақын Саяғи Тірлесбекқызы
ҚХР-дың Толы ауданында 1995
жылы наурыз айының жиырма бесі
күні дүниеге келген. Бастауын
сыныптан бастап өлең, өлкесіне аяқ, басын,
өзінің алғашқы балан, ойларын өлеңмен
өрнектей бастаған. 2011 жылы атажұрт
топырағын басқан ақынды тығызстағы
әдеби орта бай-жай қалыңдырады.
Бұрынғы «ақын болу» деген асыл арманы
енді «айтыкер» деген тіркесіммен толықты.
Осы арманның, аскарына қол созған ол
алғаш рет қаламық, оқушылар айтысында
қарсыласын жеңіп, жылдығы 2-орынға қол жеткізді.
Айтыс есептерін осылай бастаған ақын небәрі үш жылдың
ішінде қала мен облыстың, жастар айтысында неше дүркін
дәлелденіп өтті, одық көлеміндегі әдеби ортаға өз
өзгешігін салып үлгерді. 2014 жылы «Топыраққа тағзым»
атты жыр жинағы басылып шықты.
Бүгінгі таңда ақын қыз – Әлі-Рабаби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің, 1-курс студенті

ТАУ БАЛАСЫ

Апасының етегіне жармасқан,
Ажарына бақыт дейтін бал жаққан.
Місе тұтпай тәтті құртын әженің,
Тошала іздеп, қырат кезіп, тауды асқан.

Пәк көңілі таңда түскен гүл шығы,
Беймәлім еді бұл өмірдің қыр-сыры.
Дүниедей дөңгеленіп тұратын,
Жіп иіріп апамның сол ұршығы.

Содан бері аспан сансыз бұзылып,
Жүрміз талай бұраң жолдан сүрініп.
Құбылмалы таудың ауа райындай,
Бір өкініш, көңіл көгі бір үміт.

Тауды сүйем, өміріме осы үлгі,
Бұрғаныммен қала жұртқа көшімді.
Сан алыптың таспен кескен тұсауын,
Сол тау мені талапты ғып өсірді.

ТОПЫРАҚҚА ТАҒЫМ

“...Қарт қалтасынан бәкісін алып,
тұмарды сөкті де, төңкеріп сілікті.

Тұмардың ішінен термен байланып
қалған бір уыс қиыршық топырақ түсті
жерге. Бұл — осыдан қырық жыл бұрын
жат өлкеге аттанарда туған жерден түйіп
алған топырақ еді”

Қабдеш Жұмаділов
«Қаздар қайтып барады» әңгімесінен.

Ақтабан болып шұбырып кеткем,
Аштықтан өліп, тіріліп кеткем.
Ақ ордам, сенің басқұрың едім,
Астан-кестенде үзіліп кеткен.

Қоңыр қаз едім тізіліп кеткен,
Сары мергеннен қырылып кеткен.
Топырағыңды тұмарға тігіп,
Соңыма сансыз бұрылып кеткем.

Ата-апам солай егіліп кеткен,
Нокталап тарих, жегіліп кеткен.
Топырағын шаш деп атажұртымның,
Төбешікте атам көз іліп кеткен.

Аттандым жолға таң жарығымен,
Қансырап таңдай, қалда құрып ең.
Еңселі елім, мен келіп жеттім,
Еңсеп атамның салған ізімен.

Мерекен, құтты болсын, ұстаздар!

Көш бастаған көсем де ел билеген,
Шебер тілді шешен де сөз түйреген,
Жұлдыз болып көгінде тұрса-дағы
Ұстазының алдында басын иген.

Оқытып ұстаздарым тәлім берген
Білімнің, тәрбиенің нәрін берген
Өмірден өз орнымды табу үшін
Аянбай еңбек етіп барын берген

Шәкірттерін жетелеп арманына
Күн болып бөлендірген шуағына
Ізгі ісі ұстаздардың қасиеті
Қанат беріп тұрады қиялына.

Өрге өрлеп бактары шәкіртінің
Биіктесін таудай боп өренімен
Ұлылардың ұлысы ұстаздарым,
Құттықтаймын атаулы мерекенмен!

Ержанай БЕРКІМБАЕВА

Әр неге бекер бас ұрмаған ем,
Бір сағынышпенен лапылдаған ем.
Бабам аңсаған топырағымды,
Батылым жетті басуға да өрең.

Талайға арман топырақ еді,
Талай қан мұнда жосыған еді.
Желменен жеткен асыл армандар,
Тартатын сағыныш осы ма мені?

Тапты атам жаттан мәңгі мекенін,
Білемін ол да тағдыр екенін.
Атам жетпеген топырағынды,
Атажұрт енді мен күзетемін.
Әр басқан сайын шүкірлік етіп,
Әр басқан сайын тағзым етемін.

ҚОШ КЕЛДІН, МАХАББАТ!

Қызғаныш көзбен бұлт торлап көкті,
Секемшіл жаным сезініп сезім.
Сабырлы көңілім құрт толғақ кешті,
Ақылдан кетті бөлініп төзім.

Қылдан да нәзік қыз махаббатым,
Гүл кеудемді өрт, жалын шырмады.
Жалғыз қу басын суға соғатын,
Аққу арманым, қауырсын жаным.

Өмір-дария басқа арна қоспақ,
Уақыт-қария бата-бақ берді.
Ақша көңілге ақ қардан аппақ,
Бұр жарған көктем махаббат келді.
Қош келдің, махаббат!

БАҚЫТТЫ БОЛАМ ЕРТЕҢ!

Күндерім шектірді көп азап,
Өмірдің бір ғасыр жолы азап.
Қайтемін қайғыға жобалап,
Жоғалат бәрі де жоғалат.

Өксімей, егілмей, құсадан,
Өкінген сәттерден күш алам.
Ертеңге сенемін, ал бүгін
Жан жүйкем, жұқарсаң жұқалан.

Уақыт минутпен көшеді,
Алынар азаптың есебі.
Сорларым арылса шығады,
Мандайдан бақытым бес елі.

Сәтім бар жұлдызым жанатын,
Сарылтпа, таусылды тағатым.
Қуаныш көгіне самғатсын,
Жаңа өмір, жаңа таң, жаңа күн.

Тартады менің оң қабағым,
Жасаурап тұрса да жанарым.
Таң атсын жер төсін аймалап,
Мен ертең бақытты боламын!

ҚазҰУ қалашығындағы жайнаған раушан гүлдеріне қарап тұрып жазылған монолог РАУШАН

Раушан, саған сый нәзіктік,
Жаныңнан жерге тұр тамып шық.
Ұялып шыққанда күн ару,
Ұжымақ мекенде таныстық.

Демедің кел бері, көр мені,
Сол үшін тентек жел тербеді.
Жөн білмей, асқақтық таныттын,
Көзге ілмей тұрғандай сен мені.

Кімсің? — деп сұрасаң, сен менен,
АҚЫНМЫН, жаны егіз шерменен.
Бұлаққа құныққан өзіндей,
Шәкірттің шәрбатқа шөлдеген.

Әй, бірден келмеді танығың,
Жай гүлден қымбатты қадірің.
Киелі топырақтан жаралып,
Нәр алып тұрған соң тамырың.

Раушан, көрген жан қызығар,
Гүлі бал, жапырағың тұнық ар.
Топырақта сен тұрған жайқалып,
Түк табан тарланның ізі бар.

Өлкеде көктеген өміршен,
Бастағы бағынды сезін сен.
Құдірет дер едім мен үлкен,
Барқыт бел, өзіннен бұр жарып,
Қазаққа раушан боп егілсем.

Дайындаған Арай ШӘКЕНҚЫЗЫ

Аяулы ана тілім

Ана сөзімен байланысты барлық сөз
атауы құдіретті ғой, шіркін! Осы киелі
ұғымның түп-тамырында қаншама асыл
ой, терен мағына жатыр. Ана тілі — аяулы
анамыздың аппақ сүтімен, асыл бөбек
жырымен өн бойымызға дарыған ғажап
тіл. Елді мызғымас күйге келтіретін, бүгінгі
ұрпақ пен келешекті жалғастыратын
берік көпір, сыры мен қыры көп, тамыры
тереңге кеткен тарихымызды танытатын,
жүрегіндегі бар сырынды, жырынды
жеткізетін керемет құрал. Менің де
көңілімдегі ащы сыр мен балдай тәтті
сөздерді сыртқа шығаратын, жалпы мені
барлық адамдар қатарына қосып отырған
— аяулы ана тілім.

«Тіл — тіршіліктің бастауы» деп бекер
айтылмаған. Себебі, адам баласы ес
білген кезінен бастап айналадағы жаңа
ұғымдарды ана тілі арқылы қабылдайды.
Ана тілін балалар ананың әлдінінен,
бесік жырынан, қоршаған ортасынан
еліктеу арқылы үйренеді. Осылай ана
тіліміз ананың ақ сүтіндей бойымызға
сіне береді. Әркім өзінің ана тіліне деген
құрметін ешқашан жоғалтпауы тиіс. Қазақ
тілі — тұлпардың шапса, тұяғы талатын,
қыранның ұшса, қанаты талатын ұлан-
ғайыр даласындай мағыналы, мәнді, ең
бай тіл. Сондықтан да, осы тілде сөйлеудің
өзі бір ғанибет! Осы тілге арналған, жалпы
ыстық ықыласымды өлең жолдарымен

жеткізсем деймін:

Тіл құдіреті — бабамның өсиеті,
Өзгертсе де кетпейді қасиеті.
Тіпті мылқау, тіпті сараң болса да,
Бар адамзат алдында бас иеді.

Ана тілім — тіршіліктің айбыны,
Көрген едің қасіретті, қайғыны.
Тек өзінде қазағымның әр рухы,
Тек өзінде сарқылмайтын байлығы.

Мен осындай Тәуелсіз елімнің бақытты
ғұмыр кешуіне, елімнің елеулі азаматы
болуға уәде беремін. Себебі, болашақ —
жастардың қолында. Қазіргі ХХІ ғасырдың,
яғни ақпарат пен техника, ғылым дәуірінің
басты қаруы — білім. Сондықтан, ұлттық
санамызды, тілімізді құрметтей отырып,
ұлттық құндылықтарымызды көрсете
білуіміз шарт! Ұлттығымыздың белгісі —
тілімізді қастерлеп, аялайық! Ортақ
Отанымыз — Қазақстан. Мен қазақтың
деген әрбір азамат өз ана тілінде жетік
сөйлесе — кешегі өткен өмірдің қаймағы
бола білген зиялы қауымның арманы
орындалады деп ойлаймын! Қазақ тілінің
дамып, жарқын болашаққа жетуіне,
елдігіміздің белгісі болып қалуына
себепкер болайық, құрметті жас дос!

Жамбыл ЛЕСХАНҰЛЫ,
география және табиғатты пайдалану
факультетінің 1-курс студенті

Продолжение. Начало на 1 стр.

Студенты КазНУ – чемпионы Азиады

В XVII летних Азиатских играх принимают участие и показывают хорошие результаты и другие студенты КазНУ. Студентка юридического факультета Екатерина Руденко получила две серебряные медали в плавании на дистанциях 50 и 100 метров на спине. Бронзовыми медалистами игр стали студенты факультета биологии и биотехнологии Юлия Живица и Тамара Почекутова (сабля), Эльмир Алимжанов (шпага).

КазНУ воспитал целую плеяду спортсменов, прославивших Казахстан на международной спортивной арене. Среди них выпускники университета – чемпионка мира и Олимпийских игр по баскетболу Надежда Ольхова, бронзовый призер Олимпийских игр по прыжкам в высоту Ольга Турчак, бронзовый призер чемпионата и спартакиад народов СССР по велоспорту Даулет Сапажанов, серебряный призер Олимпийских игр по дзюдо Асхат Житкеев, чемпион мира по каратэ-до Алибек Пренов, Олимпийский чемпион по боксу Ермахан Ибраимов, Олимпийская чемпионка игр в Лондоне – тяжелоатлетка Светлана Подобедова и многие другие. Преемственность



сохраняется и сегодня, молодое поколение спортсменов показывает высокое мастерство и занимает лидирующие позиции на состязаниях мирового уровня.

Для развития физкультуры и массового спорта, формирования у молодежи здорового образа жизни в КазНУ созданы прекрасные условия и техническая база – стадион, спортивный комплекс, открытые площадки, действует кафедра физического воспитания и спорта, высокопрофессиональный преподавательский и тренерский состав. В текущем году начато строительство плавательного бассейна. В университете культивируется свыше тридцати видов спорта. Клубная форма работы секций позволяет студентам заниматься физкультурой и спортом в удобное для них время и с большей эффективностью.

Акмарал ҚУАНЫШЕВА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

Жауапты хатшы – **Дариға АМАНГЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Гамма-принт" баспаханасында
(Райымбек даңғылы, 369) басылды.
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 1215

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.